

Қазақстан Республикасының азаматтарын 2012 жылдың сәуір-маусымында және қазан-желтоқсанында кезекті мерзімді әскери қызметке шақыру туралы

Күшін жойған

Алматы облысы Талдықорған қаласы әкімдігінің 2012 жылғы 19 наурыздағы N 7-226 қаулысы. Алматы облысының Әділет департаменті Талдықорған қаласының Әділет басқармасында 2012 жылы 12 сәуірде N 2-1-159 тіркелді. Күші жойылды - Алматы облысы Талдықорған қаласы әкімдігінің 2013 жылғы 26 маусымдағы N 12-640 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Алматы облысы Талдықорған қаласы әкімдігінің 26.06.2013 N 12-640 қаулысымен.

Р Қ А О е с к е р т п е с і :

Мәтінде авторлық орфография және пунктуация сақталған.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 31-бабы 1-тармағының 8)-тармақшасына, Қазақстан Республикасының 2012 жылдың 16 ақпандағы "Әскери қызмет және әскери қызметшілердің мәртебесі туралы" Заңының 27-бабының 3-тармағына, 28-бабының 1-тармағына, 31-бабына, Қазақстан Республикасының Президентінің 2012 жылғы 01 наурыздағы "Әскери қызметтің белгіленген мерзімін өткерген мерзімді әскери қызметтегі әскери қызметшілерді запасқа шығару және Қазақстан Республикасының азаматтарын 2012 жылдың сәуір-маусымында және қазан-желтоқсанында мерзімді әскери қызметтегі кезекті шақыру туралы" N 274 Жарлығына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 12 наурыздағы "Белгіленген әскери қызмет мерзімін өткерген мерзімді әскери қызметтегі әскери қызметшілерді запасқа шығару және Қазақстан Республикасының азаматтарын 2012 жылдың сәуір-маусымында және қазан-желтоқсанында кезекті мерзімді әскери қызметке шақыру туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2012 жылғы 01 наурыздағы N 274 Жарлығын іске асыру туралы" N 326 қаулысы сәйкес қала әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Талдықорған қаласы, Тәуелсіздік көшесі, 31/33 үй мекен-жайындағы шақыру учаскесіне "Алматы облысы Талдықорған қаласының қорғаныс істері жөніндегі біріктірілген басқармасы" мемлекеттік мекемесі әскерге шақыруды кейінге қалдыруға немесе одан босатылуға құқығы жоқ он сегіз жастан жиырма жеті жасқа дейінгі ер азаматтарды, сондай-ақ оқу орындарынан шығарылған, жиырма жеті жасқа толмаған және әскерге шақыру бойынша әскери қызметтің

белгіленген мерзімдерін өткермеген азаматтарды 2012 жылдың сәуір-маусымында және қазан-желтоқсанында кезекті мерзімді әскери қызметке шақыру жүргізуді ұйымдастырсын және қамтамасыз етсін.

2. Азаматтарды кезекті мерзімді әскери қызметке шақыруды жүргізу үшін әскерге шақыруды өткізу кезеңіне қалалық шақыру комиссиясының құрамы 1-қосымшаға сәйкес құрылсын.

3. Азаматтарды кезекті мерзімді әскери қызметке шақыруды өткізу кестесі 2-қосымшаға сәйкес бекітілсін.

4. "Талдықорған қалалық ішкі істер басқармасы" мемлекеттік мекемесі бастығына (Бақытберген Нұрахымұлы Бейсебаев) (келісім бойынша) өз құзыреті шегінде әскери міндеттілікті орындаудан жалтарған адамдарды іздестіруді, "Алматы облысы Талдықорған қаласының қорғаныс істері жөніндегі біріктірілген басқармасы" мемлекеттік мекемесіне азаматтарын тұрғылықты жері бойынша әскери есепке қою немесе шығару туралы мәліметтер тіркеуді жүзеге асырсын.

5. Қала әкімдігінің 2011 жылғы 19 сәуірдегі "Талдықорған қаласында 2011 жылдың сәуір-маусымында және қазан-желтоқсанында азаматтарды кезекті мерзімді әскери қызметке шақыруды ұйымдастыру және қамтамасыз ету туралы" (Алматы облысының Әділет департаментінде Нормативтік құқықтық кесімдердің мемлекеттік тіркеу тізілімінде 2011 жылғы 5 мамырдағы тіркелген нөмірі 2-1-142 және "Талдықорған" газетінің 2011 жылғы 13 мамырдағы 21-нөмірінде жарияланған) N 9-400 қаулысының, қала әкімдігінің 2011 жылғы 15 тамыздағы "Талдықорған қаласы әкімдігінің 2011 жылғы 19 сәуірдегі "Талдықорған қаласында 2011 жылдың сәуір-маусымында және қазан-желтоқсанында азаматтарды кезекті мерзімді әскери қызметке шақыруды ұйымдастыру және қамтамасыз ету туралы" N 9-400 қаулысына өзгеріс енгізу туралы" (Алматы облысының Әділет департаментінде Нормативтік құқықтық кесімдердің мемлекеттік тіркеу тізілімінде 2011 жылғы 16 қыркүйектегі тіркелген нөмірі 2-1-146 және "Талдықорған" газетінің 2011 жылғы 30 қыркүйектегі 41-нөмірінде жарияланған) N 19-851 қаулысының, қала әкімдігінің 2011 жылғы 8 қыркүйектегі "Талдықорған қаласы әкімдігінің 2011 жылғы 19 сәуірдегі "Талдықорған қаласында 2011 жылдың сәуір-маусымында және қазан-желтоқсанында азаматтарды кезекті мерзімді әскери қызметке шақыруды ұйымдастыру және қамтамасыз ету туралы" N 9-400 қаулысына өзгеріс енгізу туралы" (Алматы облысының Әділет департаментінде Нормативтік құқықтық кесімдердің мемлекеттік тіркеу тізілімінде 2011 жылғы 14 желтоқсандағы тіркелген нөмірі 2-1-151 және "Талдықорған" газетінің 2011 жылғы 30 желтоқсандағы 54-нөмірінде жарияланған) N 21-920 қаулысының күші жойылды деп танылсын.

6. Осы қаулының орындалуын бақылау қала әкімінің орынбасары Қайрат Найманбайұлы Бұлдыбаевқа жүктелсін.

7. Осы қаулы алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қала әкімі

Е. АЛПЫСОВ

КЕЛІСІЛДІ:

Алматы облысы әкімдігінің
"Алматы облысының денсаулық
сақтау басқармасы" мемлекеттік
мекемесінің шаруашылық
жүргізу құқығындағы
"Талдықорған қалалық емханасы",
мемлекеттік коммуналдық
Тлеуберді Максимұлы Жансеңгіров

кәсіпорнының директоры
19 наурыз 2012 жыл

"Талдықорған қалалық ішкі
істер басқармасы" мемлекеттік
Бакытберген Нұрақымұлы Бейсебаев

мекемесінің бастығы
19 наурыз 2012 жыл

"Алматы облысы Талдықорған
қаласының қорғаныс істері
жөніндегі біріктірілген
басқармасы" мемлекеттік
Ғалымжан Қуанышбайұлы Жантурин

мекемесінің бастығы
19 наурыз 2012 жыл

Қала әкімдігінің 2012 жылғы
19 наурыздағы "Қазақстан
Республикасының азаматтарын
2012 жылдың сәуір-маусымында
және қазан-желтоқсанында
кезекті мерзімді әскери қызметке
шақыру туралы" N 7-226 қаулысына
1-қосымша

Қалалық шақыру комиссиясының құрамы

Ескерту. 1-қосымшаға өзгеріс енгізілді - Алматы облысы Талдықорған қаласы әкімдігінің 2012.09.05 N 26-928 (жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

Қайрат Бұлдыбаев	Найманбайұлы	-	комиссия төрағасы,	қала әкімінің орынбасары,
---------------------	--------------	---	-----------------------	------------------------------

Ғалымжан Жантурин	Қуанышбайұлы	- комиссия орынбасары, Талдықорған қорғаныс біріктірілген мемлекеттік мекемесінің бастығы,	Алматы істері	төрағасының облысы қаласының жөніндегі басқармасы"
Комиссия Ермек Молдақұлұлы Егінбаев	мүшелері:	- "Талдықорған қалалық басқармасы" мемлекеттік бастығының орынбасары;		ішкі істер мекемесі
Бахыт Джаппарханова	Мәженқызы	- Алматы облысы "Алматы облысының сақтау басқармасы" мекемесінің шаруашылық құқығындағы "Талдықорған емханасы" мемлекеттік кәсіпорынның орынбасары, комиссиясының төрағасы;		әкімдігінің денсаулық мемлекеттік жүргізу қалалық коммуналдық директорының медициналық
Сымбат Сванколова	Қабкешқызы	- хатшы, әкімдігінің денсаулық мемлекеттік шаруашылық "Талдықорған мемлекеттік кәсіпорынның медбикесі.	Алматы "Алматы сақтау жүргізу қалалық	облысы облысының басқармасы" мекемесінің құқығындағы емханасы" коммуналдық

Қала әкімдігінің 2012 жылғы
19 наурыздағы "Қазақстан
Республикасының азаматтарын
2012 жылдың сәуір-маусымында
және қазан-желтоқсанында
кезекті мерзімді әскери қызметке
шақыру туралы" N 7-226 қаулысына
2-қосымша

Азаматтарды кезекті мерзімді әскери қызметке шақыруды өткізу КЕСТЕСІ

р/с N	Әскерге өткізу айы	шақыруды	Қазақстан Күштер жіберілетіндердің жалпы саны	Республикасы әскер	Қарулы катарына
1	сәуір		50 адам		
2	мамыр		50 адам		

3	маусым	50 адам
4	қазан	50 адам
5	қараша	50 адам
6	желтоқсан	50 адам

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК